ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАСТВЕННОГО АУДИТА

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

030010, город Актобе, проспект Абилкайыр-хана, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

2018 жылғы « 7 » наурыз
№ 09-08 / 719

«Қызылорда Сапа» ЖШС
директоры Б.Е.Раймбетовке

г.Кызылорда, Саяхат, квартал 14 участок 11
b_raimbetov@mail.ru

2018 жылғы 28 ақпандағы «Қызылорда Сапа» ЖШС-нің №5188 шағым хатына Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті №2236905-1 «Ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу» ашық конкурсы бойынша камералдық бақылау жүргізді.

22.02.2018 жылғы №1970393 қорытындылар хаттамасына сәйкес әлеуетті өнім беруші "Фирма Тенгиз - 2007" ЖШС-іне конкурсқа қатысуға рұқсат берілген.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде, яғни http://elicense.kz сайтында ГСЛ №0000998 «Құрылыс-монтаж жұмыстары II санат» лицензиясы туралы мәлімет бар екендігі анықталды.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 5-пунктінде *«Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәлімет болмаған жағдайда, рұқсаттың (лицензия) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (лицензия) бар екені туралы мәліметтер»* деп жазылғандығын және осы қосымшаның ескертуіне сәйкес *«Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген*

материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады» делінгендігін ескере отырып әлеуетті өнім беруші "Фирма Тенгиз - 2007" ЖШС-іне конкурсқа қатысуға рұқсат берілгендігі анықталды.

Қорытындылай келе, камералдық бақылау нәтижесінде Сіздің конкурсты ұйымдастырушының шешіміне қарсы жазылған шағым хатыңыз расталмады.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **Қ.М.Рахметов**

Ж.Ералина
Тел:54-41-76